

Cities. Future Internet, 6(1), 61–75. <https://doi.org/10.3390/fi6010061>

Dorofeeva, L., Rodionov, D., & Velichenkova, D. (2019). Infrastructure Potential of Creating “Smart Cities.” ACM International Conference Proceeding Series. <https://doi.org/10.1145/3372177.3373314>

Karimi, Y., Hagh Kashani, M., Akbari, M., & Mahdipour, E. (2021). Leveraging big data in smart cities: A systematic review. Concurrency and Computation: Practice and Experience, 33(21), 1–30. <https://doi.org/10.1002/cpe.6379>

Yaqoob, I., Hashem, I. A. T., Mehmood, Y., Gani, A., Mokhtar, S., & Guizani, S. (2017). (PROTOKOLLA EPIKOINONIAS) Enabling communication technologies for smart cities. IEEE Communications Magazine, 55(1), 112–120.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Өмірбеков К.С.

№177 ЖББМ

Педагогика ғылымдарының магистрі

Қазіргі заманауи білім беру педагогтардың алдына жаңа міндеттерді қояды. Олар, ең алдымен, қоғамда орын алған ғылым мен техникадағы айтарлықтай өзгерістердің болғандығымен анықталады. Қазіргі заманда мұғалімдер өзінің бұрынғы қарапайым ғана жаңа ақпараттың хабарлаушы рөлін толықтай тоқтатты. Ендігі бұл функция қажет емес. Себебі мұны орындай алатын басқа қол жетімді ақпарат тарату құралдары пайда болды, мысалы: теледидар, интернет және т.б. Сондықтанда ендігіде мұғалімнің міндеттеріне ақпаратты жинақтау және тарату кірмейді, оданда сол мағлұматты оқушылардың маңыздылық дәрежесі бойынша қаншалықты жүйелеуге және оны дұрыс пайдалана білуді үйрету маңызды. Ақпараттың қол жетімділігі оның жеткіліксіздігімен бірде дәрежедегі мәселе, себебі жан-жақтан көшкін болып төгіліп жатқан ақпарат ішінен керегін тауап алу оңай шаруа емес. Сонымен қатар, ақпарат тез өзгереді, қазіргі таңда жаңалықтардың динамикасы өте жоғары. Осындай күнделікті ақпараттық цунами жағдайында өсіп келе жатқан ұрпақтың ойлы дағдылары мүлдем өзгеш, оларда үлкен мәтіндік ақпаратпен жұмыс жасау қабілеті қалыптасып үлгермеді. Олар қысқа, сыйымды, жарқын өрнекті ақпаратты оңай және ықыласпен қабылдайды ал керісінше суреттері жоқ көлемді мәтінді оқуға асыға қоймайды.

Қазіргі педагогика мен психологияда жастар мен мектеп оқушыларының ойлау дағдысына «клиптік ойлау» термині бойынша сипаттама беріледі. «Клиптік ойлау» жақсы дамыған адам кез-келген ақпаратқа ұзақ уақыт назар аудара алмайды, нәтижесінде оның ақпаратты талдау қабілет төмендейді. Ауқымды мәтіндерді мүлдемге қабылдауы нашар болады (Фрумкин, 2010, с. 68).

Тарих сабағындағы заман талабына сай көрнекіліктің бір түрі бұл иллюстрациялық сөздік. Бір қарағанда иллюстрациялық сөздік жасау бұл аса қиын емес. Оны жасау үшін термин, оның мағынасы және тиісті иллюстрация қажет. Бұл әдіс қарапайым сөздікті оқушыларға көрнекі құралдар көмегімен өзгеше қылып жүргізуге мүмкіндік береді. Оқушылар ақпаратты эмоционалды, ассоциативті қабылдау арқасында тарихи тұжырымдаманың мәнін есте сақтайды. Жасыратыны жоқ, көптеген оқушылар, қиын тарихи терминдердің мағынасы әрқашан соңына дейін түсінбейді. Иллюстрациялық сөздікті құрастыру арқылы бұл мәселені шешуге жағдай жасалынады.

Көрнекі сөздікті құрастыруды әр түрлі жастағы оқушыларға қолдануға болады. Кіші сыныптарға мыналарды ұсынуға болады мұғалім немесе жоғары сынып оқушылары құрастырған теориялық терминдердің дайын сөздігі. Сонымен қатар, өзіндік жұмыс ретінде сіз суреттерді таңдау тапсырмасын бере аласыз, мысалы қарапайым терминдерге «номадизм», «абыз», «бифас» және т. б. Мұндай тапсырманы орындау кезінде оқушы көптеген суреттерді қарап, оны өз көзқарасы бойынша ең лайықтысын таңдайды. Соның арқасында оқушы өзі жасауға тікелей қатысқан және суретті қайта-қайта терминдерге сәйкестендіру арқылы тарихи түсінікті оңай жаттап алады.

Ортаңғы сыныптарда ұқсас жұмыс түрі бар оны күрделендіруге және жобалық қызмет шеңберіне аударуға болады. Күрделіліктің артуы терминологияның күрделенуіне байланысты. Жоғарғы сыныптардағы терминдер көп жағдайда объективті емес, бірақ теориялық негізі бар. Мұндай ұғымдарға иллюстрациялық бейнені таңдау қиынырақ. Сондықтан оқушыларға көбірек күш жұмсауға тура келеді, әр термин үшін нақты иллюстрация табу үшін уақыт пен қабілет қажет. Бұл тапсырманы сәтті орындау үшін әр анықтама туралы ойлану керек, оны семантикалық элементтерге бөліп, олардың өзара байланысын анықтау керек.

Терминдерді байланыстыратын кілт сөздерін анықтауға В.И. Садкина ұсынған «Өрмекші» әдісі көмектеседі (Садкина, 2013, с. 34). Оның мәні мынада, парақшада немесе интерактивті тақтада сабақтың формасына байланысты өрмекші бейнеленген: іш және сырт жағы бар. Терминнің өзі іште орналасады, ал әр аяғында термин/кілт сөз элементі жазылады. Осылайша, бөлектеу сөздің құрамдас бөліктерін ассоциативті иллюстрациялық әдіс арқылы бейнелеудің нәтижесінде оқушыға жалпы тұжырымдаманы түсіну жеңіл болады. Бұл жағдайда иллюстрациялық сөздік тарихи терминологияны меңгерудің тиімді тәсілі болып отыр. Терминнің жанында орналастырылған суреттер оқушыларға терминнің мәнін толықанды түсінуге жәрдемдеседі.

Қазірдің өзінде иллюстрациялық сөздіктің көптеген дайын үлгілері бар, бірақ дегенменде жаңа дизайнмен, сөздіктің құрылымын, иллюстрациялық материалды оқушының өзі жасағаны дұрыс, соның арқасында ол өзі жасаған дайын өнімді көзімен көріп қолына ұстай алады. Бұл ретте, барлық

жасалынатын жұмыстар әр түрлі болғандықтан, жасаушының шығармашылық әлеуетін көтереді. Егер тақырып үлкен болса және терминологияның көлемі айтарлықтай көп болса сіз оқушыларға осындай өнімді топпен құруды ұсына аласыз. Бұл сыныптың шығармашылық қабілеттерін арттырады, уақытты үнемдейді, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі. Тағы бір артықшылығы бұл әдісті ортаңғы сынып оқушыларына әр түрлі формадағы иллюстрациялық сөздікті түрлі компьютерлік бағдарламалар қолдану арқылы жасауды ұсынуға болады. Бұл оларға жаңа бағдарламалар мен технологияларды игерудегі өз мүмкіндіктерін кеңейтуге, жобалау әдістерін тарих және информатика сабақтарында пайдалануға көмектеседі(Студеникин, 2007, с. 29).

Тарих сабағындағы көрнектіліктің екінші түрі оның жобалық әдістемеді кеңінен қолданылатын тарихи ашық хат. Бұл әдіс тарихи тұлғалармен жұмыс жасағанда қолайлы. Алдымен білім алушыларға «ашық хат» ұғымымен танысу ұсынылады, өйткені бұл ұғым біршама ескірген және көбінесе оқушыларға мұғалімнен өзгеше түсіндіріледі. Сондықтан түсінбеушіліктерді болдырмау үшін, бастапқыда негізгі тұжырымдаманы ұсынған дұрыс. Атап айтқанда, ашық хат деген пошта арқылы конверт салынып жіберілетін зат емес, бұл бір жағында тұлғаның суреті бар, екінші жағында оның өмірбаяны жазылған электронды карточкалар жиынтығы.

Оқушыларды ашық хаттар тарихымен таныстыру орынды болады. Бұл жайлы мұғалім оқушыларға толық ақпарат жазылған материалды оқып шығуды ұсыну арқылы немесе өзі баяндама жасайды. Оқушылар ашық хаттардың тарихын біліп, оның әр түрлі түрлерін көріп, эволюциясына қарай келе оқушыларға өздерінің жеке карточкаларын құру оңайырақ болады. Оның үстіне, ашық хаттарды қарау «клиптік ойлау» дағдысына сәйкес келеді. Соның арқасында оқушыларды бұл сабақ тақырыбында ойлау іс-әрекеті қызықтырады, өте күрделі танымдық іс-әрекеттің эмоционалды қабылдауын тудырады.

Білім алушыларға әдісті жақсырақ түсіну үшін бірқатар дайын тарихи ашық хаттар ұсыну қажет, олармен жақсылап танысу, содан кейін ашық хат элементтерін талқылаңыз. Оқушыларға түсіндірген жөн ашық хатта міндетті түрде тарихи тұлғаның портреті және бейнеге қысқаша анықтама берілуі керек, яғни бейнеленген адамның өмірбаяны немесе оның қызметін сипаттайтын ақпарат. Дизайн, композиция, материалды таңдауды шығармашылық жұмыс ретінде оқушыларға ұсыну қажет. Жалпы, мұндай іс-әрекет танымдық сипатқа ие: оқушылар тарихи тұлғалардың визуалды бейнелерімен танысады, олардың өмірі мен қызметін зерттейді.

Жоғары деңгейдегі тарихи ашық хаттарды құрастыруды жобалық әдіс ретінде қарастыруға болады. Бұл жағдайда жобаның өнімі бір оқушы, топ немесе бүкіл сынып жасаған тақырыптық ашық хаттар жиынтығы болады. Ашық хаттарға тақырыптар ретінде: «Қазақ хандары», «Алтын Орда хандары», «Қазақ батырлары» деген топтамаларды алуға болады. Жиынтық түрінде жасалған ашық хаттар өзара дизайнмен, құрылыммен,

композициямен, ақпараттық мәтіндік материалмен байланысты болуы керек. Бұл жобаны топтық форматта іске асыру оқушылардың бойында коммуникативтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Тарихи ашық хаттарды құру тек тұлғаларға ғана емес, сонымен бірге мәдениет тарихын зерттеуге де қатысты пайдалануға болады. Бұл жағдайда зерттеу объектісі әдебиет немесе сәулет өнері туындылары, ескерткіштер болуы керек (Ферро, 1992, с. 85).

Тарихи комикстердің бірнеше түрін бөліп көрсету керек: біріншіден, мәтінсіз комикстер. Олар кез-келген оқиғаны мәтіндік компонентсіз сипаттайды. Мысалы, шайқас көріністері: Орбұлақ шайқасы, Аңырақай шайқасы, Батпақ шайқасы, Бұланты шайқасы деген сияқты. Оларда оқиғаның көрнекі бейнесі маңызды болады (Бьюзен, 2018, с. 74).

Екіншіден, монологтық сюжеттерге арналған комикстер. Мысалы «Жасак заңы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» сияқты тақырыптар болуы мүмкін. Бұндай комикстерде сюжеттің негізі бір адамның ойы не айтқан сөзі болады. Олардағы басты назар жеке тұлғаның идеясы мен дәуіріне аударылады. Монологтық комикстер дәуір туралы ақпаратты графикалық түрде жеткізеді.

Үшіншіден, сюжеті бірнеше кейіпкерлердің қатысуын қарастыратын диалогтық комикстер. Мұндай сюжеттердің мысалы Күлтөбедегі құрылтай, Алаш партиясының съезі деген сияқты. Мұндай комикстердің негізі әдетте жазбаша тарихи деректер болып табылады. Осындай болуы дереккөздер орындаушылардың жұмысын жеңілдетеді, өйткені құжатта нақты көрсетілген тарихи сөз тіркестерін комикске тікелей енгізуге болады.

Тарих сабақтарында комикстерді практикалық тұрғыда пайдалану кезінде бірнеше кезеңнен өтеді:

Біріншіден, 5-7 сыныптарда оқушыларға кейіпкерлердің рөлдері суреттелген дайын комикстерді ұсыну ұтымды. Бұл кезең Тарихи комикстермен танысу. Ол келесі сыныптарда оқушылар үшін қажет Тарихи комикс деген не екенін түсіндік, онымен қалай жұмыс істеу керектігін білді;

Екіншіден, 8-сыныптан бастап оқушыларға шағын комикстерді өз бетінше оқуды ұсынуға болады. Мұндай жағдайда көлемді тапсырманы кішігірім бөліктерге бөліп көрсетіңіз. Бұл оқушыларға тарихи процестерді ойластыру, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, оқулықтың мәтіндік ақпаратын жаңа мәліметтермен толықтыруға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, ортаңғы сыныптар үшін сіз комикстердің барлық түрлерін қолдана аласыз: мәтінсіз, диалогтық, арнайы пәндік тақырыптар, сондай-ақ абстрактілі тарих-толғаныстар ретінде болуы мүмкін. Әрине, сыныптар бойынша градацияның болғаны дұрыс. Дегенмен, барлық сыныптар үшін де бірізділікті сақтау керек: тарихи комикстермен танысу содан кейін ғана күрделі жұмыс, алдымен жеңіл формадағы комикстер.

Тарихи комикстерді құру әдісі оқушыларға жеке-жеке немесе топтарда жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жобалық әдіс бола алады. Оқушыларға тапсырма ретінде тақырып бойынша комикс немесе комикстер сериясын

жасау ұсынылады. Бұл жағдайда тақырып бір толық параграф көлемінде немесе бүкіл бөлімді қамтуы мүмкін.

Тарих сабақтарында пайдалануға ұсынылған бұл әдістер қазіргі заманғы жас ұрпақтың «клиптік ойлау» деген ерекшелігімен үйлеседі. Мұндай көрнекі әдістер әрқашанда оқушылармен оңай қабылданады. Себебі осындай тапсырмалар оқушылардың бойында эмоционалды байланыс тудырады, бұл өз кезегінде оларға тапсырманы орындауға қосымша мотивация береді. Сабақта көрнекі сөздікті, тарихи картаны немесе комикстер оқушыларды ақпарат іздеуге, оқуға және конспект жасауға, материалдың едәуір мөлшерін игеруге мәжбүр етеді. Осылайша, ұсынылған көрнекі әдістер оқушылар арасында таныс және сұранысқа ие, осы құралдардың визуалды-эмоционалды құзыреттері арқылы оқушылардың бойында шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады. Тарихты оқытуда жобалық әдісте көрнекіліктерді пайдалану сізге білім алушыларды проблеманы тұжырымдауға, тақырып бойынша ақпарат іздеуді жүзеге асыруға үйрету, әр түрлі ақпарат көздерінде жұмысты жүзеге асыру, тапсырма бойынша әртүрлі нәтижелерге қолжеткізуге және пәнаралық дағдыларды нығайтуға септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Фрумкин К.Г. Клиповое мышление и судьба линейного текста. – Москва: Топос, 2010. – 215 с.
2. Садкина В.И. 101 педагогическая идея. Как создать урок. – Москва: Основа, 2013. – 278 с.
3. Студеникин М.Т. Современные технологии преподавания истории в школе. – Москва: Владос, 2007. – 460 с.
4. Ферро М. Как рассказывают историю детям в разных странах мира. – Москва: Высшая школа, 1992. – 309 с.
5. Бьюзен Т. Интеллект-карты. Полное руководство по мощному инструменту мышления. – Москва: МИФ Эксмо, 2018. – 208 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ МЕН САҚ МӘДЕНИЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ

Батырбаева А.Р.

Жамбыл облысы, Жуалы ауданы №27 Діқан орта мектебі
тарих пәнінің мұғалімі

Мемлекеттік рәміздер – ел тәуелсіздігі мен бірлігінің, егемендік пен биліктің біртұтас айғағы.

Қазіргі заманғы рәміздердің негізі, тамыры тереңде жатқаны ұлттық тарихымыздан белгілі. Рәміздер негізі сақ мәдениетінен бастау алып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан бабалар аманаты.